

Дәріс 8. Алматы ТОО «СКД7» депосының жағдайында СКД6 маневрлік тепловозы

Мазмұны: «Цзыян» тепловоз жасайтын зауыты шығаратын СКД_{6E}, типті тепловоз дизелі түркімен темір жолына арналған. Тепловозда қуаттылығы 990кВт болатын 6240ZJ типті дизель, TQFR-3000 типті синхронды генератор, ZQDR-410 типті тартым күші бар электрлі қозғалтқыш орнатылған, жүріс бөлігі 22 тонналы үш осьті арба болып табылады. Сонымен бірге тепловозда компьютерлі басқару жүйесі және қауіпсіздік пен жылдамдықты бақылау жүйесі орнатылған.

Тепловоздың жалпы орналасуы

Тепловоз екі бөлікке бөлінген: жоғарғы бөлік және төменгі бөлік, жоғарғы бөлік құрал-жабдықтар орнатылған корпус болып саналады, төменгі бөлігінің екі шеті арба болып, ортаңғысы жанармайдың алмалы-салмалы қорабы болып саналады. Жанар май қорабының алдыңғы және соңғы шетінде басқа пневмоцилиндр орнатылған және оның оң жағы мен сол жағында аккумуляторлар орнатылған.

СКД6Е тепловоз



Тепловоз жоғарғы корпусы бес модульден тұрады:

артқы бөлігі, машинист бөлігі, электрлі бөлігі, күштік бөлігі, қосалқы бөлігі, әрбір модуль жылжымалы бірігу арқылы тепловоздың шассасына бекітілген.

Тепловоздың жөндеу кезеңі мен тексерілуі.

Тепловоз жөндеуі бойынша қытай ережелеріне сәйкес СКД_{6E} типті тепловоздың жөндеуі күрделі жөндеу, орташа жөндеу, ағымдығы жөндеу және қосалқы жөндеу деп бөлінеді, олардың ішіндегі орташа, ағымдағы, қосалқы жөндеулер жөндеу бөлімшесі деп аталынады.

Күрделі жөндеу:

тепловозды толықтай тексеру, тепловоздың негізгі сипаттамасын қалпына келтіру үшін үлкен көлемде (кұбырдың құрамдық бөлшектері) бөлшектеп жөндеу: капиталдық жөндеу алдында (80 ± 10) он мыңдаған шақырым; техникалық қызмет көрсету кезеңіндегі құрылым; капиталдық жөндеу (жаңашақұру) – орташа жөндеу – орташа жөндеу – капиталдық жөндеу.

Орташа жөндеу

тепловозды толықтай жөндеу, тепловоздың негізгі сипаттамасын қалпына келтіру үшін орташа көлемде (басқы құрамдық бөлшектері) бөлшектеп жөндеу; орташа жөндеу алдында : 20 -30 он мыңдаған шақырымдар. Ағымдағы жөндеудің құрылымы: ағымдағы жөндеу (жаңаша құру) – қосалқы жөндеу – ағымдағы жөндеу.

АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ:

тепловозды толықтай жөндеу. Локомотивтың жүріс сенімділігін мақсатты бағытта қалпына келтіру үшін аз көлемде (бастапқы құрамдық бөлшектер) бөлшектеп жөндеу, егер техникалық диагнозының жағдайы болса , онда жағдайы бойынша жөндеу; ағымдағы жөндеу алдында: 4.6 он мыңдаған шақырымдар.

Қосалқы жөндеу:

ТЕПЛОВОЗДЫ ТОЛЫҚТАЙ ЖӨНДЕУ: күтім және тазалау, ақау диагнозы, жағдай бойынша жөндеу, қосалқы жөндеу алдында: (1.5 ~ 2) он мыңдаған шақырымдар. Қосалқы, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер СКД_{6Е} типті тепловозды тексеру және жөндеу үшін арналған ережелер талаптарына сәйкес іске асырылуы тиіс.

Тепловоздың басқы техникалық параметрлері.

- Жұмыс істеуге арналған қоршаған ортаның жағда температура (-50---+40)
- Беріліс түрі: электрлі ауыспалы-тұрақты ток
- Дизельдің номинальдық қуаты) 1100кВт (1500л.с)
- Пайдалану қуат 990кВт(1350л.с.)
- Остік формула $C_0 - C_0$
- Доңғалақ диаметрі 1050мм
- Тепловоз салмағы $\leq 132 \underline{T}$
- Жанар май багының көлемі 6200л.
- Машина майының қоры 1000кг
- Салқындатуға арналған су қоры 1000кг

Дизелдің негізгі техникалық параметрлері

- Түрлері 6240ZJ
- Паспорт қуаты UIC 1100кВт(1500л.с)
- Пайдалану қуаты 990кВт(1350л.с.)
- Айналымдардың белгіленген жылдамдығы 1000об/мин
- Айналымдардың минималды бос тұрақты жылдамдығы 430об/мин
- Цилиндрлердің қосындысы және олардың орналасуы
6 цилиндрлердің вертикальды орналасуы
- Генератор типі TQFR-3000
- ТЭЖ типі ZQDR-410
- Номинальды қуаты 410кВ
- Номинальды тоқ 800/570А
- Максимальды тоқ 1080А

